

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 13 наурыз N 304.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.12. N 1253 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің Үкіметінің 12.08.2000. № 1253 қаулысымен.

Сыртқы экономикалық қызметті одан әрі ырықтандыру және оның заңдық-нормативтік базасын Кеден одағы шеңберінде жүйеге келтіру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының алдағы Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 26, 302-бап) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1-қосымшаға:

"Астық, ауыл шаруашылығы өнімі, оның ұқсатылған өнімдері" деген 1-бөлімнен мына жолдар алынып тасталсын:

Сары май 0405 1 т

Табиғи бал 0409 1 т

Маралдың, киіктің мүйізі 050790 -

Тоқал бұғының қыны, аюдың еті

жыландардың улары 0510 -

Балықтың дайын немесе құтыға

салынған өнімі 1604 1 т

Ірі қараның терісінен өңделген тері 4104 5000 ш.дм.

Ұсақ малдың терісінен өңделген тері 4105 4000 ш.дм.

Ұн және жарма 1101-1105 20 т

Ет 0201-0205 1 вагон

Қызылша қанты 1701 1 т

Тазартылмаған этил спирті 2207, 2208 100 дал;

аталған бөлімге мына жол қосылсын:

"жарма 1103-1105 20 т";

"Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім" деген 2-бөлімнен мына жолдар алынып тасталсын:

Цемент 2523 1 вагон

Қара металдардың шойыны 7208-7217 20 т

Көмір, соның ішінде кокстелетіні 2701 10 вагон

Феррокорытпалар 7202 20 т

Түсті металдар 7401-7405, 20 т

7407, 7408,

7501, 7502,

7504, 7601,

7603, 7604,

7801-7804,

7901,

7903-7905,

8001, 8004.

Тыңайтқыштар 3101-3105 1 вагон

Ағаш және одан жасалған бұйымдар 4401, 4403,

4407 1 вагон

Аккумулятор 8507 500 дана

Автошиналар 4011 500 дана

2. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағында аталған тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан шығаруды 1996 жылдың 5 наурызына дейін тауар биржаларында жасалған контрактілер бойынша биржалық тауарларды шығарудан басқа, экспорттық биржалық мәмілелер жасау туралы куәлікті ұсынусыз, жүктік кеден декларациясының негізінде жүзеге асырсын, оларды шығару бұрынғы қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясымен, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасымен бірлесіп 1996 жылдың 30 наурызына дейін экспортқа шығарылатын өнімдерді жөнелту алдындағы инспекция қызметін іске асыру үшін бірлескен орган құруды ескере отырып, экспортқа шығарылатын тауарлардың бағасына бақылау жасауды ұйымдастыру жөніндегі қаулының жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК